

**Л.Н. ГУМИЛЕВ атындағы ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
NATIONAL UNIVERSITY «YURI KONDRATYUK POLTAVA POLYTECHNIC»
POLTAVA STATE AGRARIAN ACADEMY
UNIVERSITY OF ECONOMICS IN BRATISLAVA**

**«ЖАҒАНДЫҚ ПАНДЕМИЯ СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИАЛАРЫ МЕН
ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ*

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции

**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ
НАЦИОНАЛЬНЫХ ЭКОНОМИК В УСЛОВИЯХ ВЫЗОВОВ МИРОВОЙ
ПАНДЕМИИ»**

Works of the international scientific- practical conference

**« CURRENT TRENDS AND PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF
NATIONAL ECONOMIES IN THE CONTEXT OF GLOBAL PANDEMIC
CHALLENGES»**

Нұр-Сұлтан, 2020

ӘОЖ 339.9(063)

ҚБЖ 65.5

Ж 52

Редакция алқасы

РАИМБЕКОВ Ж.С. - төрағасы, э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

РАХМЕТУЛИНА Ж.Б. - э.ғ.к., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

АЗАТБЕК Т.А. - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

МАДИЯРОВА Д.М. - э.ғ.д., профессор, Ресей халықтар достығы университеті, Москва қ., Ресей

ДУБИНА И.Н. - э.ғ.д., профессор, Новосибирск мемлекеттік университеті, Новосибирск қ., Ресей

КОМЕЛИНА О.В. - э.ғ.д., профессор, менеджмент және логистика кафедрасының меңгерушісі, «Юрий Кондратюк атындағы Полтава политехникумы» ұлттық университеті, Полтава қ., Украина

ISBN 978-601-337-395-9

Ж52 «Жаһандық пандемия сын-қатерлері жағдайындағы ұлттық экономикалардың қазіргі тенденциялары мен даму перспективалары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. - Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020. - 514 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Современные тенденции и перспективы развития национальных экономик в условиях вызовов мировой пандемии». - Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020. – 514 с.

Works of the international scientific-practical conference «Modern trends and prospects for the development of national economies under the challenges of the world pandemic». - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2020. - 514 p.

ӘОЖ 339.9(063)

ҚБЖ 65.5

ISBN 978-601-337-395-9

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020

различных, порой противоречащих, результатов проверок учета, что приводит к росту усложнению систематизации их при подготовке заключения.

Исходя из выше сказанных, можно сделать вывод что решение данных задач с помощью специализированного программного обеспечения весьма проблематично, поскольку обеспечение доступа к информационно-справочным системам вовсе не означает успешную систематизацию нормативной информации, которая так необходима аудитору для проверки. Необходима специализированная система, подборка информации в которой должна производиться специалистами методологами и которую следует непрерывно актуализировать.

Список литературы:

1. Петров М., Буров В., Шкляр М., Шаров А. Государство как платформа. Кибер государство для цифровой экономики. Цифровая трансформация. - М.: Центр стратегических разработок, 2018. - 52 с.

2. Обущенко Т.Н. Автоматизация аудита: методика компьютерного аудита расчетов с персоналом // Актуальные проблемы науки, экономики и образования XXI века: материалы II международной научно-практической конференции, 5 марта – 26 сентября 2012 года: в 2-х ч. Ч. 2 / отв. Ред. Е. Н. Шереметьева. – Самара: Самарский Институт, РГТЭУ, 2012. – 392с.

3. Макаров Н., Колесников В.В. Национальная инфраструктура и государственно-частное партнерство: потребности современной экономики // Креативная экономика. – 2012. – № 5 (65).

4. Варнавский А.В., Бурякова А.О., Себеченко Е.В. Блокчейн на службе государства. - М.: Кнорус; 2019. - 218 с.

УДК 336.1

Набат Д.Т.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Мемлекеттік органдардың қызметінің тиімділігін бағалаудың рөлі орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру, қаржы ресурстарының пайдалану ұтымдылығын арттыру құралы ретінде аса маңызды болып табылады.

Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар – мемлекеттік басқару жүйесінің негізі. Аталған органдардың қызметінің нәтижесі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайына тікелей әсер етеді. Сондықтан бұл мемлекеттік органдардың қызметінің тиімділігіне бағалау жүргізу маңызды және өзекті сұрақтардың бірі болып есептеледі.

Мемлекеттік органдардың қызметінің тиімділігіне бағалау жүргізу «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл жүйе аталған органдардың қызметінің тиімділігін арттыру үшін әзірленген. Осы Жарлыққа сәйкес бағалау жүргізу 2010 жылдан бастап пилоттық, ал 2011 жылдан бастап толық режимде басталған болатын.

Бағалауға жататын мемлекеттік органдар тізбесін ҚР Президентінің Әкімшілігі қалыптастырады.

Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау келесідей түрлерге бөлінеді:

- мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін операциялық бағалау;
- мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелілігін бағалау.

Операциялық бағалау – мемлекеттік органдарда қызмет процестерінің тиімділігін айқындау.

Нәтижелілікті бағалау – халықтың табысын арттыруға және тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді іске асыру кезінде мемлекеттік органдардың нақты нәтижелерге қол жеткізу дәрежесін айқындау.

Операциялық бағалау жыл сайын операциялық бағалау жүргізу кестесіне сәйкес есепті жылдың қорытындылары бойынша жүзеге асырылады. Операциялық бағалау жүргізу кестесі бағаланушы мемлекеттік органдардың есепті жылдың қорытындылары бойынша есептік ақпараттарын, бағалаудың нәтижелері туралы қорытындыларды және бағалау нәтижелерін ұсыну мерзімдерін қамтиды.

Операциялық бағалау жүргізу заңдылық, объективтілік, анықтық, ашықтық және жариялылық сияқты қағидаттарға сүйене отырып жүзеге асырылады.

Операциялық бағалау бағаланушы мемлекеттік органдар қызметінің мынадай блоктары бойынша жүзеге асырылады:

- 1) мақсаттарға қол жеткізу;
- 2) мемлекеттік органның жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимылы;
- 3) мемлекеттік органның ұйымдастырушылық дамуы.

Жоғарыда көрсетілген әрбір блок бойынша бағалауды жүргізуге жауапты уәкілетті органдар әртүрлі болады. Мысалы, мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша бағалауға уәкілетті органдар – ҚР Президентінің Әкімшілігі, ҚР Премьер-Министрінің Кеңесі, ҚР Ұлттық экономика министрлігі және ҚР Қаржы министрлігі. Бағалауға уәкілетті органдар операциялық бағалау критерийлері мен көрсеткіштері айқындалатын тиісті әдістемелерді әзірлеп, бекітуі тиіс. Бұл бағалау критерийлері мен көрсеткіштеріне өзіндік міндетті талаптар қойылады.

Ендігі кезекте жоғарыдағы әрбір блоктың мазмұнын ашып көрсетсек. Мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау мемлекеттік органдардың жетекшілік ететін саланы/аяны/өңірді дамыту үшін, сондай-ақ

Кесте 1. Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігіне операциялық бағалау жүргізу кестесі

| БЛОКТАР | Бағалау бағыты | Уәкілетті органдардың қорытындыларын қалыптастыру | Мемлекеттік органдардың бағалау нәтижелеріне наразылық білдіруі | Мемлекеттік органдар туралы түпкілікті қорытындылар дайындау | ҰЭМ-ге қорытынды үшін бағалау нәтижелерін енгізу | Бағалау нәтижелерін бағалау жөніндегі Комиссияның (ПӨ) қарауына ұсыну |
|-----------------------------|------------------------------------|---|---|--|--|---|
| МАҚСАТТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ | ОМО бағалау | 24 сәуірге дейін | 2-10 мамыр аралығында | 10-16 мамыр аралығында | 17 мамырға дейін | 31 мамырға дейін |
| | ЖАО бағалау | 24 сәуірге дейін | 2-10 мамыр аралығында | 10-16 мамыр аралығында | 17 мамырға дейін | 31 мамырға дейін |
| АЗАМАТТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ | Мемлекеттік қызметтердің сапасы | 10 сәуірге дейін | 11-17 сәуір | 25-28 сәуір | 2 мамырға дейін | 18 мамырға дейін |
| | Өтініштерді қарау сапасы | 10 сәуірге дейін | 11-17 сәуір | 25-28 сәуір | 2 мамырға дейін | 18 мамырға дейін |
| | Мемлекеттік органның ашықтығы | 10 сәуірге дейін | 11-17 сәуір | 21-24 сәуір | 2 мамырға дейін | 18 мамырға дейін |
| ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ-ЛЫҚ ДАМУ | Адами ресурстарды басқару | 17 сәуірге дейін | 17-25 сәуір | 25 сәуірден 3 мамырға дейін | 10 мамырға дейін | 24 мамырға дейін |
| | Ақпараттық технологияларды қолдану | 17 сәуірге дейін | 25 сәуірден 2 мамырға дейін | 2-7 мамыр | 10 мамырға дейін | 24 мамырға дейін |

Кесте 2. 2018-2019 жылдардағы орталық мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін блоктар бойынша бағалау нәтижелері

| Орталық мемлекеттік органдар | Мақсаттарға қол жеткізу | | Азаматтармен өзара іс-қимыл | | Ұйымдастырушылық даму | |
|--|-------------------------|----------|-----------------------------|----------|-----------------------|----------|
| | 2018 жыл | 2019 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл |
| Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі | 97,4 | 93,47 | 84,73 | 91,64 | 78,46 | 88,55 |
| Денсаулық сақтау министрлігі | 71,7 | 90,20 | 48,58 | 48,66 | 72,57 | 55,97 |
| Сыртқы істер министрлігі | 95,8 | 97,80 | 80,35 | 74,15 | 67,61 | 39,48 |
| Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі | 70 | 78,13 | 66,68 | 62,13 | 58,66 | 61,98 |
| Ақпарат және коммуникациялар министрлігі | 61,6 | 89,20 | 83,08 | 83,17 | 81,64 | 71,78 |
| Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі | 99,8 | 72,60 | 81,61 | 74,11 | 74,76 | 52,64 |
| Мәдениет және спорт министрлігі | 87,9 | 84,15 | 67,47 | 82,09 | 67,78 | 56,82 |
| Ұлттық экономика министрлігі | 65,8 | 76,53 | 74,39 | 64,84 | 57,97 | 80,05 |
| Білім және ғылым министрлігі | 74 | 84,50 | 57,83 | 56,97 | 59,85 | 74,76 |
| Ауыл шаруашылығы министрлігі | 77,5 | 84,97 | 57,58 | 59,43 | 59,1 | 65,09 |
| Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі | 71 | 93,05 | 77,83 | 79,40 | 78,75 | 89,85 |
| Қаржы министрлігі | 78,13 | 91,15 | 78,35 | 65,92 | 68,69 | 77,94 |
| Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі | 77 | 97,75 | 85,54 | 76,65 | 54,65 | 83,96 |
| Энергетика министрлігі | 93,8 | 83,89 | 65,38 | 73,86 | 83,63 | 85,51 |
| Әділет министрлігі | 66 | 74,05 | 74,08 | 78,16 | 74,62 | 85,74 |
| Ұлттық банк | 82 | 89,40 | 75,83 | 68,01 | | |
| Бас прокуратура | | | | 90,51 | | |
| Жоғарғы сот | | | | 77,28 | | |
| Ішкі істер министрлігі | | | | 70,59 | | |
| Қорғаныс министрлігі | | | | 48,01 | | |

бюджет қаражатын пайдалану бойынша қабылдайтын шараларының тиімділігін айқындау мақсатында жүргізіледі.

Жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл блогы бойынша операциялық бағалау халыққа сапалы мемлекеттік қызметтер көрсету, жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін қарау бойынша шаралардың тиімділігін, сондай-ақ мемлекеттік органның ашықтығы дәрежесін айқындау мақсатында орындалады.

Мемлекеттік органның ұйымдастырушылық даму блогы бойынша операциялық бағалау персоналды басқару және ақпараттық технологияларды қолдану бойынша мемлекеттік органдар шараларының тиімділігін айқындау мақсатында жүзеге асырылады.

Бағаланатын мемлекеттік органдар бағалауға уәкілетті органдарға жыл сайын операциялық бағалау жүргізу кестесінде (1-кесте) белгіленген мерзімдерде бағалауға уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша есептік ақпарат ұсынады. Осы есептік ақпараттар негізінде мемлекеттік органдардың қызметінің тиімділігіне әрбір блок бойынша жеке бағалау жүргізіледі. Операциялық бағалауға уәкілетті органдар бағалау процесінде алынған есептік мәліметтердің сақталуына және құпиялығына жауап береді.

Операциялық бағалау жүргізу кестесіне сәйкес бағалауға уәкілетті органдар тиісті блоктар бойынша бағалау нәтижелері туралы қорытындыларды ҚР ҰЭМ-ге және бағаланатын мемлекеттік органдарға ұсынады. Ал өз кезегінде ҰЭМ операциялық бағалаудың барлық блоктары бойынша нәтижелерді жинақтап, ҚР Президентінің Әкімшілігіне енгізеді. Осылайша соңғы кезеңде мемлекеттік органдардың қызметінің тиімділігін бағалау қорытындылары ҚР Президентіне ұсынылады [1].

Алынған бағалау нәтижесіне сәйкес бағаланатын мемлекеттік орган қызметінің тиімділік дәрежесі анықталады.

Бағаланатын мемлекеттік орган қызметі тиімділігінің жоғары дәрежесі 90-нан 100 балға дейінгі бағалау көрсеткішіне, орташа дәреже 70-тен 89,99 балға дейінгі көрсеткішке, төмен дәреже 50-ден 69,99 балға дейінгі көрсеткішке сәйкес келеді. Бағалау нәтижелері бойынша 50 балдан аз алған бағаланатын мемлекеттік органның қызметі бағаланатын мемлекеттік орган қызметінің тиімділік дәрежесі бойынша тиімсіз болып табылады.

Қазақстандағы соңғы жылдардағы орталық және жергілікті мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелерін төмендегі кестелерден көруге болады [2].

Кестеде көрсетілген бағалау нәтижелерін талдап қарастыратын болсақ, 2019 жылы мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша қызметінің тиімділігі жоғары дәрежеге ие болған орталық мемлекеттік органдарға келесілер кіреді:

- Сыртқы істер министрлігі (97,80);
- Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (97,75);
- Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (93,47);

- Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (93,05);
- Қаржы министрлігі (91,15);
- Денсаулық сақтау министрлігі (90,20).

Қалған органдар қызметінің тиімділігі орташа және төмен деңгейде болған.

Кесте 3. 2018-2019 жылдардағы жергілікті мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін блоктар бойынша бағалау нәтижелері

| Орталық мемлекеттік органдар | Мақсаттарға қол жеткізу | | Азаматтармен өзара іс-қимыл | | Ұйымдастырушылық даму | |
|------------------------------|-------------------------|----------|-----------------------------|----------|-----------------------|----------|
| | 2018 жыл | 2019 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл |
| Нұр-Сұлтан қаласы | 73,45 | 85,69 | 59,95 | 55,51 | 73,32 | 66,32 |
| Алматы қаласы | 85,28 | 87,21 | 73,49 | 57,09 | 85,13 | 96,19 |
| Шымкент қаласы | | 83,08 | | 79,61 | | 75,16 |
| Ақмола облысы | 63,43 | 66,10 | 78,3 | 72,61 | 63,01 | 43,13 |
| Ақтөбе облысы | 70,52 | 82,87 | 70,92 | 53,60 | 46,25 | 64,83 |
| Алматы облысы | 70,59 | 74,26 | 55,21 | 45,75 | 73,9 | 41,14 |
| Атырау облысы | 70,41 | 84,75 | 71,51 | 62,17 | 76,57 | 85,08 |
| ШҚО | 70,57 | 82,80 | 76,38 | 91,78 | 83,2 | 89,80 |
| Жамбыл облысы | 68,34 | 77,70 | 70,15 | 51,81 | 52,03 | 64,87 |
| БҚО | 65,38 | 77,33 | 73,12 | 45,51 | 61,26 | 64,84 |
| Қарағанды облысы | 65,12 | 72,10 | 68,35 | 55,03 | 80,1 | 80,51 |
| Қостанай облысы | 73,54 | 78,98 | 68,89 | 60,93 | 53,96 | 56,83 |
| Қызылорда облысы | 63,26 | 77,73 | 66,85 | 76,75 | 83,32 | 91,62 |
| Маңғыстау облысы | 64,35 | 68,64 | 53,52 | 44,39 | 56,92 | 49,24 |
| Павлодар облысы | 70,79 | 79,60 | 77,68 | 76,69 | 50 | 50,65 |
| СҚО | 65,51 | 65,61 | 73,98 | 63,20 | 70 | 79,85 |
| Түркістан облысы | 70,8 | 78,12 | 72,15 | 52,95 | 84,05 | 59,48 |

Азаматтармен өзара іс-қимыл блогы бойынша жүргізілген бағалау нәтижелерінің негізінде жоғары дәрежеде бағаланған орталық мемлекеттік органдар қатарына Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (91,64) мен ҚР Бас прокуратурасы (90,51) кіреді.

Керісінше, Денсаулық сақтау министрлігі (48,66) мен Қорғаныс министрлігінің (48,01) қызметі тиімсіз деп бағаланған.

Ұйымдастырушылық даму блогы бойынша 2019 жылғы қорытындыға сәйкес қызметінің тиімділігі жоғары дәрежеде бағаланған орталық мемлекеттік органдар тіркелмеген. Ал қызметі тиімсіз дәрежеде бағаланған орталық мемлекеттік орган болып Сыртқы істер министрлігі (39,48) табылған [3].

Осы жүйе бойынша жергілікті мемлекеттік органдардың қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері 3-кестеде сипатталады.

Осылайша, мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігіне бағалау жүргізу олардың тиісті есепті кезеңде орындалуы тиіс міндеттерінің және қызметінің қаншалықты дәрежеде тиімді атқарылып жатқанын анықтауға мүмкіндік беретіні анықталды. Мемлекеттік органдардың тиімді қызмет атқаруы елдің дамуының бірден-бір кепілі екендігін ескеретін болсақ, олардың қызметінің тиімділігін бағалау және осының нәтижесінде тиімділікті арттыру бағытында түйінді шешімдер қабылдау мемлекет үшін аса маңызды болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығы.

2. «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау орталығы <https://www.bagalau.kz>

3. «Ашық Үкімет» интернет порталы <https://evaluation.egov.kz>

УДК 338.432

Насырова А.М.

АО «Финансовая Академия», г. Нур-Султан, Республика Казахстан

Исаева Б.К.

Евразийский национальный университет им.Л.Н. Гумилева,

г. Нур-Султан, Республика Казахстан

ИМПОРТОЗАМЕЩЕНИЕ В МЯСНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Мясная промышленность занимает особое место среди пищевой промышленности, так как мясо – это продукция основной потребности, не имеющая полноценных аналогов и заменителей. Мясные продукты являются частью государственного стратегического запаса, а мясная промышленность вносит значительный вклад в формирование продовольственной и экономической безопасности страны. Учитывая важность мяса и мясной продукции, устойчивое развитие и повышение конкурентоспособности